

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОКУ-МЕТОДИКАЛЫҚ КАБИНЕТІ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ
БОЙЫНША МЕТОДИКАЛЫҚ НУСҚАУЛАР

Алматы - 1989

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОКУ-МЕТОДИКАЛЫҚ КАБИНЕТІ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ
БОЙЫНША МЕТОДИКАЛЫҚ НУСҚАУЛАР

/Жоғары оку орындарының филология факультеттерінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінің студенттеріне арналған/

С.М.Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту әрден=
ді Қазақ мемлекеттік университетінің
филология факультетінің методикалық
советі мақұлдаған

Құрастырган: филология ғылымдарының
кандидаты, доцент Ж.К.Түймебаев

Редакторы: филология ғылымдарының
кандидаты, доцент З.Бейсенбаева



Қазақ ССР халықта білім беру Министрлігі

Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдерінде Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі бекіткен қазақ тілі программасы негізінде сқытылады. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы курсы бойынша министрлік бекіткен негізгі окулық - И.Кеңесбаев, Г.Мұсабаевтың "Қазіргі қазақ тілі" /Алматы, 1975/ кітабының бірінші белгігі. Студенттерге сонымен бірге көмекші қураш ретінде шыққан Ә.Болғанбаевтың "Қазақ тілі лексикологиясы" /1979/, М.Велбаеваның "Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы" /1978/, К.Ахановтың "Қазақ тілі лексикасының мәселелесі" /1955/ атты еңбектерін үсінуға болады.

Лексикология курсын эту кезінде студенттер тіл білімінің бүл саласы жайлы негұрлым жан=жақты және толық мәлімет алуда қажет. Лексикологияның теориялық мәселелері жалпы тілдік түр-ғыда көптеген тілдерге ортақ болғандықтан, студенттердің әртүрлі және түсінүү түркі тілдерінде шыққан еңбектермен таныс болудының курсы төрөң менгеруге әсері бар. Баяндама немесе семинар сабактарына даярлау барысында тәжірипқа байланысты осы тілдерде жарық көрген құралдарды пайдалана отыру студенттердің дайындық дәрежесінің сапысын арттырады сөзсіз.

Бұл методикалық нұсқауда қазақ тілі лексикологиясының кейбір мәселелері сөз болып, әларды игеруде қандай жайларға басты назар аудару қажеттігі нұсқалады.

Қазақ тілі лексикологиясының қалыптасуы қазақ тіл білімінің дамуышының Улы Отан соғысынан кейінгі дәүіріне жатады. Осы жайларда бұл пәннің түрлі салалары бойынша көптеген жумистар іс-теді. Жан=жақты зерттелін диссертациялар қорғалды, көнтеген сөздіктер жарыққа шықты. Қазақ лексикологияның үлкен тобы қа-

лылтасты. Олар: И.Кеңесбаев, Г.Мұсабаев, А.Ысқаев, Ә.Әйдаров, К.Аханов, Ә.Болғанбаев, Т.Жанұзақов, Р.Барлыбаева, А.Махмутов, Ә.Ермекова, Ш.Мухамеджанов, Ә.Ахметов, Ш.Бәйтікова, Ж.Мусин, А.Әбдірахманов, Р.Садықбеков, Б.Хасенов, Л.Рустемов, А.Айгабылов, Е.Қойшыбаев, Т.Қоңыров т.б.

Лексикология пәні және оның объектісі

Сөз - тілдің негізгі единицасы. Ол лексикологияда, ең алдымен, атау ретінде зерттеледі. Сөз фонетикада да, грамматикада да басты объект болып саналады. Алайда тіл білімінің бул салаларында ол тілдің грамматикалық, дыбыстық құрылымын айқындау қуралы ретінде қарастырылады. Ал сөз лексикологияда мағынасы, лексикалық жалпы жүйесіндегі орны, шығу тегі, қарым-қатынас жасау процесіндегі қолданылу аясы, экспрессивті - стильдік сипаты жағынан зерттеледі.

Қазақ тілі лексикологиясының семасиология, этимология, ономастика, фразеология, лексикография сияқты салаларында сөз лексикалық единица ретінде түрлі зерттеу объектісіне айналады.

Студенттер үшін лексикология пәнінің тіл білімінің басқа салаларымен ара қатысын, байланысын, олардан ерекшелігін жete біліп алудың мәнінде зор.

Тіл - әр түргидан алып қарауға болатын күрделі құбылыш. Осыған байланысты оның әртүрлі единицалары келіп шығады да, олар өздерінің негізгі функциясымен айқындалады /фонема - мағына ажыратқыш функция, сөз - номинативті функция, сейлем - коммуникативтік функция/. Тіл білімінің түрлі салаларында зерттелетін бул единицалар өзара белгілі бір қатынаста болады.

Мысалы, лексикологияның фонетикамен байланысын мынадан көре= міз: сөз дыбыстар тіркесімен айтылады. Оның қурамындағы ды= быстың не екпінінің өзгеруі мәғынаның өзгеріске ұшыраудына алғы келеді. Ягни, сөздің сыртқы жагы дыбыстық жамылғыш та, ішкі жагы – оның мазмұны, мәғинасы. Вірінші жагы болмаса /ды= быстық жамылғыш/, сөз естілмейді, екінші жагы болмаса /мәғина/, сөздің түсінбейміз. Сөздің осындай екі жақты табиғаты /мазмұна мен формасы/ бірлікте болу керек.

Лексикологияның грамматикамен байланысына да назар аудар=ған жen. Бұл мәселе, ең алдымен, қазақ тіліндегі сөз топ=тастырудың үш принципінің бірі болып сөздің мәғиналық жагы алынатындығы есте болу керек. Ягни сөздер мәғина білдіре оты=рып, белгілі бір лексика-грамматикалық топқа енеді. Әрбір грамматикалық категорияның лексикалық және грамматикалық бір=ліктен тұратыны ескерсек, сөз мәғинасын білудің морфология мен синтаксисті игерудегі ролі түсінікті болмақ.

Тілдері лексикалық единицалар грамматикаланып, ал сөз тіркестерінің лексикалану процесі журіп жатыр. Мұндай құбыльыс=тар да лексика мен грамматика арасындағы байланысты көрсетеді.

Грамматиканың лексикамен байланысы грамматикалық катего=рияларды тарихи түрғыда қарастырганда теренірек ашыла түседі. Түрлі тілдердегі қазіргі грамматикалық форманттардың өткен тарихи дәуірлерде жеке сөз болғандығын көне жазулар дәлелдей=ді. Ягни қазіргі грамматикалық мәғина білдіру үшін қолданыла=тын форма бір кездс жеке лексикалық единица болған. Бұған ке=рісінше, алғаш грамматикалық мәғина білдірген форманың кейін=нен ол функциясынан ажырап, жаңа лексеманың тууына себепши болған жағдайы тіл тарихында ұшырасып отырган.

Тіл білімің ғылымының лексика мен грамматика салалары арасындағы байланыс грамматикалық форма тудыру мән сөз тудыру тәсілдерін салыстырганда айқын байқалады. Аффиксация, бірігу, қосарлану тәсілдері екеуінде де қызмет атқара береді./грамматикалық форма тудыру үшін де, сөз тудыру үшін де/.

Көптеген лексикалық единицалардың түрлі стильдерде қолданылуы лексика мен стилистика арасындағы байланысты көрсетеді. Лексиканың стилистикалық ресурстарына сөздердің аудиопалы мағыналары, синонимдер, эмоциялы-экспрессивті сөздер жатады. Көсіби сөздер, неологизм, архаизмдер, диалектизмдер, зарваризмдер т.б. түрлі стильдік маңсатта қолданылып отырады.

Сонымен, тіл білімінің лексикология, фонетика, грамматика, стилистика салалары бір-бірімен байланыста болады. Бірақ будан олардың дербестігі жоққа шыгады деген үгым тумауга тиіс. Тілдің басты элементі саналатын сөз әр салада әр қырынан қарастырылады. Фонетикада сөздің қанша және қандай буындар мен дыбыстардан тұратындығы, ондағы екпін мен үндестік зағының көріністері басты мәселе болып табылса, морфологияда оның қай сөз тәбына жататындығы, құрамы, жасалу тәсілі, грамматикалық мағынасы маңызды болып есептеледі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты жасаган он томды "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" 67 мың атау сөз, 24 жарым мың фразеологиялық тіркес алынып, барлығы 91 жарым мың лексикалық единица қамтылып отыр. /Б.Қалиев. Қазақ тілінің қазыналы сарайы - "Лениншіл жас" газеті, 20 март 1981 жыл/. Осы мәліметтен-ақ тіл білімінің басқа салаларынан лексиканың өзіндік ерекшелігі байқалады. Лексика қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер көрініс табады. Бір сөздер еніп-

жатса, екіншілері ығысып жатады. Мұның өзі лексиканың өзгеріс-ке үшіреп отыруға бейімділігін, көрсетеді де, оның фонетика, грамматикадан срекшелігін тағы да айқындаі түседі. Дыбыстардың, не қосымшалардың бұлайша өзгеріп отыруға бейім емес екендігі белгілі.

Лексикадан түрлі халықтар арасындағы байланыстардың ізін көруге болады. Онда сол қатынастар нәтижесі ретіндегі халықтарға ортақ сөздер кездеседі.

Лексиканың тағы бір ерекшелігі - оның түрлі қабаттары арасында зоналірдың болуы. Кейбір сөздердің лексиканың нақты қай қабатына жатынындығы айқындалмagan.

Студенттердің сөз және зат, сөз және үғым сияқты мәселе-лерді, олардың арасындағы ерекшелікті, байланысты жете монгे-рулері қажет.

Сөз және зат. Тілдегі әрбір сөзде белгілі бір мағына болады. Сөз мағынасы оның зат, құбылыспен, үғыммен және тілдегі өзара қатынасы әркілшілдеп түседі. Сөз бен зат арасында тікелей байланыс жоқ. Ол, біріншіден, белгілі бір заттың түрлі тілдерде түрліше аталуынан көрінеді. Мысалы, қазақ тілінде "кітап", орыс тілінде "книга", неміс тілінде "бук".

Екіншіден, бір тілдің өзінде заттың әртүрлі атаулар үшін расады. Жүндай құбылымың әдеби тілдің өз ішінде де, әдеби тіл мен диалектілер арасындағы да қолданыстарда байқалып отырады. Үшіншіден, бір тілдің өзінде зат атауларының уақыт жиілжүү сарысында өзгеріп отырган жағдайлары кездеседі.

Егер сөз затқа тікелей қатысты болса, онда сол заттың атаулар түрлі халықтар тілінде бірдей дыбыстар еді. Бірақ мұндаидай тәуелділік жоқ. Сөз бен зат, құбылым арасында белгілі бір

байланыстың бар екендігін жоққа шыгаруға болмайды. Себеzi затқа атап берілгенде оның козге түсіп тұрган ерекше белгісі негізге алғыны мүмкін. Атауга негіз етіп алғынған белгінің түрлі ортада әр басқа болуы көздеседі.

Сөз және үғым. Үғым логикалық, сөз - тілдік категория. Бұл екеудің өзара тығыз қарым-қатынаста болады. Бірақ екеудің арасына тепе=тәндік белгісін қоюға болмайды. Оларды бір=бірі=нен айырмашылығын көрсететін көптеген белгілер бар:

I. Үғым, алдымен, жалпы адамзаттық сипатта. Ол түрлі халықтарға ортақ. 2. Сслай бола тұра, үғымның сөздер арқылы көрінісінде улттық сипат, ерекшеліктің белгісі болады. 2. Үғым сөз арқылы бейнеленеді: Үғымды білдіру тілдің негізгі функцияларының бірі болып табылады. 3. Қай тілде болмасын сөздердің барлығы үғынды білдіре бермейді. Ондай сөздерге шылау, одагай жатады. Сөз мағынасы мен үғымның ара қатынасына байланысты мына жайларды да ескеру керек. I. Сөз мағынасы үғымнан тарлау болады. Бұл жағдайда арнайы мамандық иелерінің үғымы мен жай көпшілікке тән үғым салыстырылады, яғни көпшілік сөзінде үғым мазмұнының бір белгігі ғана қамтылуы мүмкін. Мысалы, су деген сөзде көпшілік үшін, химикке қарағанда, сөз мағынасы үғымнан тар болып келеді.

2. Сөз мағынасы сонымен бірге, үғымнан кең де. Себебі сөзде үғымда болмайтын қосымша реңктер, эмоциялық=экспрессив=тік болу көрініп тұрады. Бұл - тілдің тек ойды ғана емес сезімді, көңіл=күйді де білдіру қуралы екендігін көрсетеді.

3. Сөз бірнеше үғымды білдіруі мүмкін. Ол көп мағыналы сөздермен омснимдерден байқалады.

4. Керісінше, бір үгым біргеше сөзбелі де аталады. Оған мысал ретінде синонимдерді көлтіруге болады.

5. Үгым кейде сөздер тіркесі арқылы беріледі. Ол фразеологияндарде кездеседі.

Сөздің лексикалық магыналары. Тіл білімінде сөздің лексикалық магыналарын айқындал топтауда әзірше ортақ көзқарас жоқ. Лексикалық магынаны түрлі қырынан қарастырудың нәтижесінде түрліше топтастырулар кездеседі. Окуйштардың езіндегі ала-құулалық студенттердің бұл маңызды мәселені игеруіне көп кедергі келтіреді. Қазіргі отандық тіл білімінде сөздің лексикалық магыналарын жіктеуде ақад. В.В. Виноградов классификациясы кең қолданылып жүр. Олар: тұра немесе номинативті магына, фразеологиялық байлаулы магына, синтаксистік шартты магына.

Сөз магыналарын классификациялауда белгілі бір ортақ принцип негіз болып, жүйелілік сақталыну керек. Тіл білімінде сөздің лексикалық магыналарын заттар мен құбылыстардың болмыспен қатысна қарай, шығу тегіне, пайда болу деңгейіне қарай, лексикалық тіркесу мүмкіндігіне қарай топтастырып саралаудағысы бар:

I. Сөз магынасының зат не құбылыспен байланысу сырттына қарай лексикалық магынаның екі түрі айқындалады: I. Тұра магына. 2. Ауыспалы магына.

П. Сөздің лексикалық магынасы шығу тегі деңгейіне қарай, яғни тарихи тұргыдан негізгі, түнні болып бөлінеді.

Ш. Лексикалық тіркесу қабілеттіне, яғни сөздердің бір-бірімен қатысна қарай еркін және байлаулы магына болып үктеледі. Соңғысының езі фразеологиялық байлаулыш және синтаксистік шартты магыналарға ажырайды.

Сонымен, сөздердің лексикалық магыналарын классификациялау үш түрлі қатынасқа негізделеді. Сөздердің лексикалық магыналарына қарай осылайша топтау сөздің магыналық күрылымын түсінуге мүмкіндік береді.

Моносемия және полисемия. Қазақ тілінде бір магынаның аңа білдіретін сөздермен қатар, көп магыналы сөздер де жи кездеседі. Бір сөздің бірнеше магынасы үзақ тарихи процесс нәтижесінде пайда болып отырган. Сөздердің көп магыналылығы лексиканың ерекшелігін, оның байлығын көрсетеді.

Көп магыналы сөздердің магыналарының арасында белгілі бір семантикалық байланыс болады. Соғ магыналарының дамуына тілдік себептермен бірге экстралингвистикалық /әлеуметтік, қоғамдық=саяси, мәдени=тарихи/ себептер де үлкен әсер етеді.

Аудиопалы қолданыс нәтижесінде тілде сөздердің жаңа магыналары пайда болып отырады. Аудиопаль қолданысқа негіз болған басты белгілерге байланысты мынадай тәсілдер ажыратылады: метафора, метонимия, синекдоха.

I. Метафорада зат не құбылыстың атауы басқа зат не құбылыса олардың өзара белгілі бір үқастығы негізінде аудиады. Аудиу кезіндегі басты деп саналатын үқастық түрліше болуы мүмкін: а/ формаларының, орын тәртібінің үқастығы /адамның қолтығы – қолтығы күз Алатау, адамның маңдайы – есіктің маңдайы, адамның тұмсығы – қайықтың тұмсығы т.б./, ә/ дәйбес үқастығы /жел ұлып түр, станок әні т.б./, б/ күрделі әсер, асоциацияның негізінде туатын үқастық, яғни жансыз нәрсеге тән қимыл, белгілердің жанды нәрселерді атауға негіз болуы және керісінше /жылы белме – жылы көзқарас, жылы қабылдау; жілтің түйіні, сөздің түйіні, мәселенің түйіні; долы адам –

долы жел т.б.

Кейде ауыспалы қолданысқа негіз болған қай үқастық екенін анықтау қынға согады. Әсірсөз бірнеше ауыспалы мағына пайды болған жағдайда, олар аршарындағы үқастық негізіне қарай бірнеше топқа жіктеледі. Мысалы, "қара қазақ, қара шаруа, қара халық" тіркестеріне ортақ метафораның негізі қаралайым үгімы болса, "қара су, қара шай, қара көжे" тіркестерінде ортақ үқастық күр, жай үгімы болып табылады. Ал "қара жүрек, қара бауыр, қара нист, қара пигыл" тіркестеріндегі метафораның үқастық негізіне зұлымдық, арамдық үгімы жатады.

Метафораны қолданылу сыпаты, тараду деңгейі жағынан ушке бөлуге болады. 1. Еірінші топқа /жалпы халықтық, тілдік метафора/ ауыспалы мағына ретінде қабылданбайтын, онысы уақыт көзенінде ұмытылып көмекілениген метафора жатады /орындықтық аяғы, таудың басы, сезідің аяғы, иненің кезі т.б./ Бұлар түсінідірме сезідіктерде сезідің жеке мағынасы ретінде көрсетіледі.

2. Поэтикалық метафораның ауыспалы, келтірінді мағына беруі тілдік метафорага қараганда айқын сезіліл туралы да, ойды көркем жеткізуге әсері болады /өмір асулары, нәзік көніл, қалғығон түн т.б./ Бұндай метафоралар сезідікте ауыспалы деген белгімен орын алады. 3. Авторлық метафораңың /индивидуалды метафора/ жалпы уалықтық сыпаты болмайды. Ол белгілі бір ақын, жазушының өзіндік қолданысын, тілдік ерекшелігін көрсетеді. Метафораның бұл түрінде автордың жаңа мәнері, тың ойлары байқалады /сезім көлі, тіршілік базары, ой күрігі, өмір арбасы т.б./.

Бұл текшіріпқа байланысты ескерер мәселе – метафора үгімні тіл білімінде әдебиеттануға қараганда кең ұғынылады, кең қарас-

тырылады. Оны әдебисттануда метафора деп қаралмайтын тілдік метафорадан айқын көруге болады. Метафора әдебиет зерттеушілері үшін көркемдік әдіс болса, лингвистер үшін атаулардың үқсастық негізінде аудисуның барлық қыры қамтылатын тілдік құбылымы.

Метонимияда бір атаумен аталған заттар не құбылыштар езара іргелес, шектес, көршілес болады. Метонимия тілде метафорага қаранды жи қолданылады.

Метонимиялық аудисуға мынадай жағдайлар негіс болады:

1. Зат пен одағ жасалған материал арасындағы байланыс /әлтynға ие болды - алтын медальға ие болды, түлкі жаға - түлкінің терісінен жасалғын жыға/.

2. Қымыл мен оның орны не нәтижесі арасындағы байланыс /коллектив әтініші - әтініш жағды/. 3. Әмбем мен форма арасындағы байланыс /аудылда тұрады - аудыл әлі үйіктемапты/;

4. Автор мен оның шыгармасы арасындағы байланыс /Абайды оку - Абайдың өлеңін оку, Қурмангазыны тыңдау - Қурмангазының күйін тыңдау/; 5. Ғылым саласы мен оның предметі арасындағы байланыс /араб грамматикасы қын - тарихи грамматика/.

Оқулықтар мен оку қураалдарында жеке қарастырылатын синекдоха құбылышы, негізінде, метонимияның бір түрі болашақ табылады. Синекдоха атауларының аудису метонимиялық модель бойынша жасалады. Мұнда бір соғ бүтіннің де, оның бөлшегінің де /жалғызының және жалғызы да, көптің және оның жекесінің де/ атауын беру үшін қолданылады. Мысалы. Аудыл. 1. Адамның, жан=жануардың тамак қабылдайтын мүшесі. 2. Адам, кісі мағынасында. Кел аудыл оіріксе, бір аудыл жоқ болады /мақад/’.

Қол. 1. Дене мүшесі. 2. Құмыс құші, адам.

Тілде турақты қолданылатын бұндай синекдохалар түсіндірме сөздіктерде сол сөздің жеке мәғынасы ретінде көрсетіледі. Сейлеуде, коркем әдебиетте индивидуалды синекдохалар жиі көзделседі. Олар сойлеуді жандандырып, деталь арқылы образдымысты аша түседі. Лексикологияда қызмет бірлігі бойынша атаудың ауысуы да қарастырылады. Бұл құбыльсты кейбір зерттеушілер метафораның бір түріне жатқызып жүр. Мұнда зат не құбыльстың атауы басқа зат не құбыльысқа слардың қызмет бірлігі негізінде ауысады. Орыс тілінде бөлме пеші камин деп аталған. ал сол қызметті еткератын кейін шыққан электр құралына да "камин" атауы берілген. Негізгі қызмет бірлігі мен үқсастығы сақталған жағдайда заттардың түр=тулғасының өзгеруіне қарамастан атаулар сол күйінде қалып, бірақ жаңа магыналарға ие бөлшік отырған. Мысалы: Полотер. 1. Еден сүртіп тазалаушы қызметі. 2. Еден сүртіп тазартушы машина. Гардероб. 1.Киім ілуге арналған шкаф, үй жинасы. 2. Мекеме, театр я жұмыс орындарына келушілердің сырт киімдерін ілуге арналған орын, бөлме.

Сөздердің ауыспалы магыналарда қолданылуы курделі және сан қырлы. Сөздердің көп магыналылығы сейлесушілердің бір=бірін түсінуіне кедегі келтірмейді. Көп магыналы сөздердің магыналары түрлі контексте қолданылуы арқылы айқындалады. Яғни контекст сөздің қандай магынасында қолданылуын жағдай жасайды.

Қазақ тілінің сөздік құрамы. Оның қалыптасуы мен дамуы.

Кай тілдің болмасын сөздік құрамы - үзек, тарихи дамудың нәтижесі. Онда өзінің шығу тарихы, пайда болу кезеңі магынаның

тұрмі дәуірлерге қатысты, халық тарихының бір күесі іспеттес сөздер көптеп кездеседі. Сөздік қурам қогам әмбірімен тығыз байланысты. Қаңа заттар мен үгымдар жаңа сөздердің немесе жаңа мағыналардың тууына алып келіп отырса, керісінше, кейбір сөздер уақыт барысында ығысып мағыналарын өзгертіп отырган. Ал негізгі сөздік қор езінің тұрақтылығымен ерекшеленеді де сөздік қурамының үйліккісі болып табылады. Қазақ тілі сөздік қурамының қалыптасу, дамуының екі негізгі жолы байқалады:

- I. Тума тел сөз арқылы; 2. Басқа тілдерден енген, яғни кірме сөздер арқылы. Қазақ тілінің тума сөздерін хронологиялық тәртіппен байлайша жіктеуге болады: I. Алтай тілдері семьясына тән сөздер; 2. Жалпы түркілік сөздер; 3. Қыпшақтық сөздер /қыпшақ тілдері, оның қыпшақ=ногай тобына ортақ сөздер/;
4. Қазақтың тума тел сөздері. Қазақ тілі сөздік қурамының негізгі белігін тума сөздер қурайды. Тілімізде сөздік қурамының манызды әрі кене белігі болып табылатыны - жалпы түркілік сөздер. Ескі дәуірлердегі тұрмыс=тіршілік әмбір суру салты кезінен келе жатқан бул сөздер түркі тобындағы тілдерге ортақ болып табылады. Ондай сөздерге туыстық атаулар, жан=жануар атаулары, табиғат құбылыстарын білдіретін сөздер, дене мүшелеп рінің атаулары, көптеген сын есім, сан есім, есімдік, етіс=тіктер т.б. жатады. Бұлар қазіргі тілдеңі өң жіл қолданылатын сөздер тобын қурайды. Жалпы түркілік сөздердің бірқатары алтай семьясындағы тілдерге ортақ болып, сөздерінің тұлғасының ете конелігімен ерекшеленеді.

Тілімізде түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тобына гана тән сөздер кездеседі. Мұның өз ішінде қазақ тілі лексикасының ногай, қарақалпақ тілдері лексикасымен жақындығы көзге туседі.

Ең соңында, жеке халық тілі болып қалыптасу кезеңінен кейін пайда болған сөздер лексикамың езіндік бір қабаты ретінде топталады. Көріп отырганымыздай, тұма лексикамызыды осылайша топтауда генеалогиялық классификация принципі басшылыққа алынып отыр.

Кірме сөздер. Қазақ халқының тарих көшіне басқа халықтармен экономикалық, саяси, мәдени байланысының іздері сөздік қурамда көрініс тауып отырган. Яғни лексикамыз кірме сөздер арқылы да толығап, даму үстінде болды. Зерттеулердің көрсетуінше, қай бір тілдің болмасын лексикасында кірме сөздердің улесі аз емес. Кірме сөздерді игерілуінің дәрежесіне, уақыт көлемінә қатысның қарай кейде ажырату қынга согады.

Осыған байланысты кірме сөздерді екі топқа бөлуге болады. Мысалы, қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің ерте дәуірледен=ақ сіңіп, жіңі қолданылатын, тол тұма сөзіміздей қабылданатын бір тобы бер да, тілімісге сіңіп кетпеген, сирек қолданылатын екінші тобы бар. Кірме сөздер қазақ тілінің занылықтарына бағына отырып, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық өзгерістерге үшірайды. Семантикалық өзгеріс дегендеге, тілімізге енгөн сөздің өзінің бурынғы мағынасын сақтай алмау құбылсынын, кейде көрісінше кірме сөз мағынасының кеңею жағдайын түсінеміз.

Қазақ тілі лексикасы әржашан өзгеріс, даму үстінде болып табылады. Сөздік қурамның толығуның негізгі үш тәсіл, жолы Сар: морфологиялық, синтаксистік, семантикалық. Алғашқы екеуі шүріксация, қосарлану, бірігу тәсілдері арқылы көрінеді. Сөздік қурамды байтуудың семантикалық тәсілінің негізіне бурыннан бар сөздің жаңа мағынага ие болуы жатады. Сөз мағынасы қолданыста өзгеріске түсіл отыреды. Бізге сөздің ауыспалы мағынасын

тудыратын метафора, метонимия, синекдоха, қызмет бірлігі тәсілдерінің бар әкендейті белгілі. Сөз тудырудың семантикалық тәсілі бойынша сөздің түрлі мәғыналарының негізінде жаңа сөздер пайда болады. Мұнда көп мәғыналы сөздердің мәғыналарының алшактап, ыдырауы сөз тудырудагы негізгі себеп болып табылады.

Бұл методикалық көмекші күралда қазақ тілі лексикология гиясының кейбір мәселелері сөз болып, оған студенттердің қандай дәрежеде кеңіл аудару қажеттігі нұсқалады.

Жұмыстың екінші болігінде қазақ тілі лексикология курсын ету барысында жүргізілетін семинар сабактарының жоспарлара тақырыптар бойынша беріліп отыр. Әрбір тақырыпқа байланысты негізгі, көмекші және қосымша әдебиеттер көрсетіледі.

СЕМІНАР САЗАКТАРЫНЫҢ ЖОСЛАРЛАРЫ

I. ЛЕКСИКОЛОГИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ ТІЛДІН ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕДИНИЦАСЫ РЕТИНДЕ ҚАРАСЫРЫЛУЫ

1. Лексикология пәнінің зерттеу объектісі және оның салалары.
2. Лексикологияның тіл білімінің басқа салаларымен ара қатынасы, байланысы.
3. Сөз беріп оның мағынасы. Сөз және зат. Сөз және үғым. Ара қатыстары, ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев F., Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 6-166.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 3-176.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 5-156..

Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының көнеюі мен тарылуы. А., 1968.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, 76-916.

II. СӨЗДЕРДІН ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАЛАРЫ, СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ АУЫСПАЛАЛЫ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Сөздің лексикалық мағыналары. Түрлері.

1. Сөз мағынасының ауысуы және оның жасалу жолдары. Метафора, оның түрлері.
2. Метонимия және синекдоха. Бұл тәсілдердегі сөз мағыналарының ауысуышың негіздері.

4. Табу, эвфемизм.

Әдебиеттер:

Кенесбаев И., Мусабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 44-51б., 74-77б.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 17-39б.

Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы.

А., 1966.

Белбæва М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 10-25б.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, 94-IIIб.

Мұхамеджанов Ш. Қазақ тіліндегі сез мәғыналарының метонимиялық есгеруі - Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1967, 3,93-103б.

Мұхамеджанов Ш. Сөздердің эвфемизмдік қолданысы. "Қазақстан мектебі", 1968, №4, 83-85б.

Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдердің пайда болуы туралы - Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1973., 56-60б.

Садықбеков Р. Сөздің фразеологиялық байлаулы мәғынасы туралы. Қазақ тілі және әдебиет мәселелері. УІ шығуы. А., 1969, 28-47б.

Ш. ОМОНИМДЕ

I. Омонимдер жайлы түсінік. Омонимия және полисемия. Ерекшеліктері.

2. Омонимдердің пайда болу жолдары.
3. Омонимнің лексикалық, лексика-грамматикалық, аралас түрлері. Омофон, омографтар.

Әдебиеттер:

- Кеңесбаев И., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 51-62б.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 39-486.
- Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 25-306.
- Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. А., 1958.
- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, II2-I236.

VI. СИНОНИМДЕР ЖӘНЕ АНТОНИМДЕР

1. Синонимдер жайлы түсінік. Синонимия және полисемия. Синонимдік қатар.
2. Қазақ тіліндегі синонимдердің пайда болу жолдары.
3. Синонимдердің қолданысы және оның тіліміздегі ролі.
4. Антонимдер, олардың түрлері. Сейлеуде қолданысы.

Әдебиеттер:

- Кеңесбаев И., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 62-74б.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 48-696.
- Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 30-456.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. А., 1957.

- Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антонимдер. АҚД, А., 1970.
Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, I23-I336.

У. ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ
ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

1. Сөздік құрам және сөздік қор. Сөздік құрамдағы тұма және кірме сөздер. Оларды хронологиялық топтастыру.
2. Сөздік құрамның толығу жолдары. Тұма сөздер арқылы морфологиялық, синтаксистік, семантикалық баюы.
3. Кірме сөздер арқылы толығуы. Кірме сөздердің игерілуі.

Әдебиеттер:

- Кеңесбаев І., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 84-II36.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, 73-I096.
- Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 45-626.
- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, I46-I606.
- Историческое развитие лексики тюркских языков. М., 1961.
- Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. ИУ.Лексика, М., 1962.
- Севорян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. I.М., 1974, II.М., 1978, III.М., 1980.
- Древнетюркский словарь. Л., 1969.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л., 1961.
- Рұstemов Л.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі араб=парсы кірме сөздері. А., 1982.

УІ. ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ӘМБЕУМЕТТІК -
ДИАЛЕКТИЛІК КУРАМЫ

1. Жалпыхалықтық және шектеулі лексика. Диалектілік лексика. Ерекшеліктері.
2. Профессионалдық лексика. Өзіндік ерекшеліктері. Жаргон=дых лексика. Диалектілік лексикамен ара қатысы.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фо-
нетика. А., 1975, II7-1376.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, II7-120,
135-1406.

Белжанға М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976,
62-826.

Қалиев Г. Қазақтың үлттық тілі мен кәсіби, жаргон сөздер.
Труды научной конференции, посвященной 40-летию Каз.гос.пед.
института им.Абая. А., 1968, стр.I81-189.

Тұңғышбаев Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі өндірістік=профессио-
налдық лексика. А., 1956.

Қалиев Г., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. А., 1979.

ҮП. ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ СТИЛ ДІК ҚАБАТТАРЫ

1. Бейтарап /стильдік/ лексика. Сейлеу тілінің лексикасы. Ерекшеліктері.
2. Қазба тіл лексикасы. Іштей жіктелуі. Қолданыс ерекшелік-тері.

3. Эмоционалды экспрессивті лексика.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев И., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, I13-II7, I78-I856.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, II4-II5, I20-I25, I26-I25, I40-I426.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976, 62-826.

Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. А., 1955.

Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манаасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 1974.

УШ. ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ АКТИВ ЖӘНЕ ПАССИВ ҚОРЫ

1. Лексиканың актив және пассив қоры. Қенерген сөздер.

Жіктелуі және ерекшеліктері.

2. Неологизмдер. Түрлері. Сөздің актив және пассив қабаттарына қатысы.

3. Неологизмдердің жасалу жолдары.

Әдебиеттер:

Кеңесбаев И., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, I37-I536.

Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, I22-I286.

Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976,
82-876.

Махмутов А. Қазақ тіліндегі кснерічен сөздердің басқа лексикалық топтармен ара қатысы. -"Қазақ тілі тарихы мен диалектологияның мәселелері" 5-шығуы, А., 1963.

Бейтікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер. /1920-30 жылдар материалдары/ А., 1971.

IX. ЭТИМОЛОГИЯ

1. Этимология, міндеті және мағсаты. тіл оғлімі салаларымен қатысы.
2. Тіл тарихы және сөздің этиологиясы. Этимологиялық анализ.
3. Халықтық этиология. Этимологиялық зерттеулердің ролі.

Әдебиеттер:

Кенесбаев І., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 17-286.

Қазақ тілінің қысқаша этиологиялық сөздігі. А., 1966.

Пизани. Этимология. М., 1956.

Севорян Э. Этимологический словарь тюркских языков.
I.M., 1974.

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, 136-1466.

X. ОНОМАСТИКА

1. Ономастика және оның болжалары. Топонимия, антропонимика, этноним, ксомним.
2. Қалқы есімдердің құрылымы және жасалу жолдары.
3. Ономастиканың лексикалық қабаттары.

Әдебиеттер:

- Әбдірахманов А. Қазақстанның жер=су аттары. А., 1959.
Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимтикасы. А., 1979.
Топонимика и этимология. А., 1975.
Мурзаев З. Очерки топонимики. М., 1974.
Ханұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. А., 1965.
Ханұзақов Т. Очерк казахской ономастики. А., 1982.
Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана.
А., 1974.

XI. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ /І/

1. Фразеологизмдер жайлы түсінік. Сөз, еркін сөз тіркесі және фразеологизм.
2. Фразеологизмдердің семантикалық жіктелуі.
3. Фразеологизмдердің кеп мәғыналышығы. Фразеологизмдың варианttар және фразеологизмдердің синонимі.

Әдебиеттер:

- Кенесбаев И., Жұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, 198-2186.
Кенесбаев И. Қазақ тілінің фразеслогиялық сөзділігі. А., 1987.

- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, 164-185б.
- Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1976,
87-101б.
- Ұйықбаев И. Фразеологизмдердің вариантылығы. "Қазақстан мек-
тебі", 1977, №10, 79-81б.
- Қалдаров А.Г., Жайсақова Р.Е. Принципы классификации фразео-
логизмов и их классификационные группы в современ-
ном казахском языке. - Известия АН КазССР, Серия
филологическая, 1979, №3, I-II.

ХІІ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ /І/

1. Фразеологизмдердің құрылымдық түрлері, грамматикамен бай-
шынысы.
2. Фразеологизмдер және олардың аудармасы.
3. Фразеологизмдердің стильдік қозғалысы.
4. Фразеологизмдердің пайдада болу, шығу негіздері.

Әдебиеттер:

- Кеңесбаев І., Құсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фоне-
тика. А., 1975, 198-218б.
- Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сезідігі. А., 1978.
- Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. А., 1976,
73-101б.
- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, 164-185б.
- Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолда-
нылуы. А., 1972.
- Айтбаев Ө. Аудармадагы фразеологиялық құбылыс. А., 1975.

- Байтәлиев А. Фразеологиялық сөз тіркестері. - Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. IX шыгы. А., 1972, 32-366.
Русско-казахский фразеологический словарь. А., 1985.

XII. ЛЕКСИКОГРАФИЯ

1. Лексикография жайлы түсінік. Сөздіктердің түрлері.
2. Түсіндірме сөздік. Ондагы сөздік мақаланың құрылымы. Синонимдік, фразеологиялық, орфографиялық, орфоепилялық сөздіктер.
3. Лингвистикалық сөздіктер. Терминологиялық, диалектологиялық, этимологиялық сөздіктер түрлері.

Әдебиеттер:

- Көкесбаев І., Ұұсабаев Р. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. А., 1975, I85-I986.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979, I43-I756.
- Аханов К. Тіл білімінің негіздері. А., 1978, I86-II16.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I-10 томдар. 1979-1985.
- Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. А, 1966.
- Көкесбаев І., Ҳанузақов Т. Лингвистикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі. А., 1963.

Составитель: Туймебаев Ж.К.

Методические указания по лексикологии современного
казахского языка

Редактор : Бейсембаева З.

Подписано в печать 3.04.89 г. Формат 60Х84 1/16
об"ем 1,0 уч.-изд.л. Тираж 7100 экз. Цена 20 коп.

Заказ № 586.

ПМЛ Министерства народного образования Казахской ССР
г.Алма-Ата,ул.Кирова,136